

6D011100-Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Авдарсоль Сайлаугулдің «Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, оларды оқыту практикасына және мектептегі білім беру теориясына енгізу базалық және функционалдық сауаттылықты нақты ажыратуға әкеледі. Осының негізінде адам өмір сүру және оқу үдерісінде алған білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде сауаттылықты түсінуден жан-жақты құзыреттілікке баса назар аударылды. Функционалдық сауаттылық оқушылардың түйінді құзыреттерді меңгерудегі дайындық деңгейін, білім алу және ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін, өмір бойы бірнеше рет қайта біліктілік алу қабілетін көрсететін белгілі бір білім деңгейі деп түсініледі

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік істәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Білім беру жүйесінде білім мазмұнындағы функционалдық сауаттылық алдын ала жүйеленіп, реттеліп берілуіне жол ашатын стандарттар мен оқу бағдарламаларындағы күтілетін нәтижелердің көпшілігі функционалдық сауаттылықтармен сәйкестелуін қажет етеді.

Авдарсоль Сайлаугулдің зерттеу жұмысында информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту мәселелері қарастырылған.

Докторанттың диссертациялық жұмысында мынадай ғылыми жаңалықтар алынған: информатикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауда критериалдық тәсілді қолданудың ерекшеліктері анықталған; информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесінің құрылымдық-мазмұндық сызбасы жасалған; сонымен қатар, информатикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін құру үшін есептер мен тапсырмалардың мазмұны іріктеліп, информатикадан

критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесі дайындалып, оның информатиканы оқыту әдістемесіне әсері негізделген.

Диссертацияның негізгі мазмұны Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда – 3, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 3, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында – 4 (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 1), жалпы 10 ғылыми мақалалар және 1 оқу әдістемелік құрал жарық көрді.

Авдарсоль Сайлаугул ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында информатиканы оқыту әдістемесі саласы бойынша алған өзінің теориялық білімін тәжірибеде қолдана білетін, дербес, алдына қойған мақсатына жете білетін, зерттеуші ретінде көрсете алды.

Докторант Авдарсоль Сайлаугулдің 6D011100–Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Информатикадан критериалдық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, қойылатын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеп, көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**

